

7. Нугербеков С.Н. Диверсификация экономики Казахстана: развитие инновационных секторов и встраивание в глобальные цепочки добавленных стоимостей // *Транзитная экономика*. – 2009. – №3-4. – С. 5-15.
8. <http://stat.kz>
9. Ланская О. Страховка для экспортера: от стихий, революций и банкротств // *Деловой Казахстан*. – 25.09.2009. – №37 (184). – С. 2.

Түйін

Бұл мақалада автор әлемдік экономикалық дамуының негізгі тенденцияларын қарастырып 2000-2009 жылдардағы өнеркәсіптік өнімнің отандық экспорттарының құрылымына талдау жасайды.

Summary

In the article the author mentions main tendencies of the world economic development and makes analyses of the industrial products export home structure.

С.Д. Молдабаев,

доцент, э.ғ.к ҚР ҰҚК Академиясы

МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕЛЕРДІҢ ОРНЫ

Әлемдік қаржы дағдарысының мемлекеттердің экономикалық дамуына тигізген әсері мен оның тудырған мәселелері ел үкіметіне жүргізетін экономикалық саясатының жаңа мақсаттары мен міндеттерін қарастыруға әкелді. Өйткені жаһандану үрдістерінің кез – келген мемлекеттің басқа елдердегі болып жатқан экономикалық, саяси, мәдени және басқа салалардағы жағдайына байланыстылығы мен тәуелділігінің жоғарылауына әкелуде. Осы жағдайлардағы мемлекеттің стратегиялық мақсаттарының, оның ішінде елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің белестерін анықтау қажеттігін алдыға тартады. Қазіргі кезде мемлекет үшін өзінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі заман талаптарына сай күрделене түсіп, мемлекет және қоғам өмірінің барлық жақтарын қамтитын жүйелі саясатқа айналды. Жаһандану үрдісі күшейген сайын ұлттық қауіпсіздік мәселесі, әсіресе экономикалық қауіпсіздік бағыты ерекше орын алды. Әлемдік қауымдастықта егеменді ел ретінде әрекет ету мемлекеттің экономикалық қуаттылығы, ал түбінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуінің бірден-бір көрсеткіші – ұлттық экономикалық даму деңгейі және үкіметтің ұлттық мүдделерді анықтау мен оны жүзеге асыру мүмкіндігімен анықталады.

Осыған орай, қазіргі ұлттық экономиканың қуаттылығы өндіргіш күштердің даму деңгейімен ғана анықталмай, бірінші кезекте мемлекеттің сол өндіргіш күштердің немесе ұлттық экономиканың белсенді дамуына жағдай жасап, ұлттық мүдделерді анықтап, оларды қорғау мүмкіндігімен көрінеді. Жаһандану үрдісінің ұлттық экономикаға тигізетін оң ықпалын барынша тиімді пайдалану мен оның теріс әсеріне тойтарыс беру үкіметтің белсенді іс-әрекетімен жүзеге асады. Сондықтан Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының 2006 – 2010 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының жобасын талқылауда «қауіп-қатерлерді алдын-ала анықтап, жоюға, тұтастай алғанда елдің дағдарысқа қарсы әлеуетін арттыруға бағдарланған тиімді де осы заманғы ұлттық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру қажет. Бұл ретте аталған жүйе халықаралық қауіпсіздік саласындағы осы заманғы әлемдік үрдістерге бейімді келіп, икемді, қауіпсіз ішкі және сыртқы ортаны қалыптастыру жөніндегі белсенді іс-әрекетке қабілетті болуы тиіс» [1] деп көрсеткен.

Елдің тәуелсіз дамуы, оның басқа елдермен бәсекелесу мүмкіндігі, халықаралық еңбек бөлінісінде алатын орнын оңтайландыру ұлттық мүдделерін жүзеге асыру арқылы көрінеді. Мәселе «экономикалық және әлеуметтік үрдістердің жаһандануы мен жекелеген елдердің, әсіресе тәуелсіз даму жолына түскен жас мемлекеттердің тұрақты дамуын қамтамасыз ету қажеттігі тұрасында болып отыр... Жаһандану субъектілері мен қозғаушы күші өнеркәсіптік дамыған елдер, сол елдерде орналасқан трансұлттық корпорациялар мен әлемдік қаржы орталықтары болып табылады. Олар дамушы елдерді өздеріне бағынышты етіп алуының нақты қауіпі бар» [2]. Бұл мәселе Елдің әлемдік экономикада өз орнын табуы мен егеменді, тәуелсіз және тұрақты дамуды қамтамасыз етудің қажеттілігін көрсетеді. Әлеуметтік – саяси жаңғырулар кезеңінде қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қоғамдық тұрақтылық, ұлттық мүдделер қорғалуы сияқты бағыттары маңызды әлеуметтік сипатқа ие болды.

Ашық экономика бағытын таңдап, дамып келе жатқан Қазақстан Республикасына ұлттық экономикалық мүдделерді қалыптастыру, оны қорғау мен жүзеге асыру қажет. Әлемдік рыноктағы шиеленісті бәсеке барысында өз мүдделерін жүзеге асыруда қолданылатын шаралары мен құралдары заман талаптарына сай түрленгендіктен, біздің еліміздің алдында әлемдік тәжірибеге сүйеніп, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мүмкін болатын шаралар жүйесін жасақтау өзекті болып отыр. Қазіргі кезде мемлекеттің үйлесімді, тәуелсіз дамуы көп жағдайда ұлттық мүдделерінің нақты айқындалуы және оны жүзеге асыру тетіктерінің, жолдарының толықтай белгілі болғаны байланысты болып отыр. Елімізде бұл бағытта Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2006 – 2010 жылдарына арналған стратегиясы, ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің салалық мемлекеттік бағдарламаларына қабылданып жүзеге асырылуда. Мемлекеттік бағдарламалардың мазмұнының бағыттылығы олардың ұлттық мүдделер концепциясынан туынды екенін айта аламыз. Бірақ мүдде ұғымының теориялық негіздемелері көп болғанына байланысты елдің экономикалық қауіпсіздігіндегі орнын анықтау мен оның табиғатын ашу маңызды болады деп ойлаймыз.

«Ұлттық мүдде» категориясы мемлекеттің дамуы мен халықаралық қатынастар теорияларында жиі қолданылатын негізгі ұғым болып табылады. Өйткені халықаралық қатынастар аясы көп жағдайда мемлекеттердің түрлі мүдделерін жүзеге асыру мен олардың қақтығысы болатын сала ретінде қарастырылады. Сонымен қатар «ұлттық мүдде» отандық және шетелдік ғылыми қауымдастықта пікір таластардың өзекті мәселесі болып қалуда. Көп жағдайда ғылыми таластар түсінбеушілігінен туындайды. Мысалы ағылшын тілінде ұлттық мүдде «national interest» алғашқы сөзі «халық» деген ұғымды бергендіктен оның баламасы «мемлекеттік мүдде» ретінде көрсетілуі тиіс еді. «Ұлт» және «мемлекет» ұғымдарының синонимділігі еуропалық мемлекеттердің бір ұлттық мемлекеттік сипатына байланысты тарихи ерекшелігін анықтағандықтан, батыс теорияларында «ұлттық мүддеге» ешқашан этникалық мазмұн бермеген. Мысалға ағылшынның Ұлыбританияның «ұлттық мүдделері» туралы айтқанда ол ағылшындардың ғана мүддесі туралы айтпай, оның ішінде шотландықтар, валийліктер, ирландықтардың мүдделерін айтады. Осыған орай Қазақстан, Ресей сияқты көп ұлтты мемлекеттердің «мүдде» ұғымына ұлттық нышан беріп, «ұлттық мүдде» дегенде тек «қазақтардың мүддесі», «орыстар мүддесі» ретінде жергілікті халықтардың мүддесін қарастырады деген сөз бекер.

Қазақстанда 1998 жылы «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңында берілген мүдделер тізімі мен оның мазмұны оның Қазақстан халқы және қазақстандық қоғамды бүтіндігінде қарастыратынын көрсетеді. Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері – іске асырылуына мемлекеттің адам мен азаматтың конституциялық құқықтарын, Қазақстан қоғамы құндылықтарын, түп қазық мемлекеттік институттарды қорғауды қамтамасыз ету қабілетіне байланысты болатын Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық әлеуметтік және басқа да қажеттерінің жиынтығы болып табылады [3]. Соған қарамастан отандық терминологияны халықаралық қатынастар ғылымына сай келтіру, аударуда Қазақстан мүдделерін «ұлттық – мемлекеттік» мағынада айту дұрыс болар еді.

Жоғарыда аталғанның негізінде қоғамдық мүддені субъектілердің өмір сүру мен әрекетінен туындаған саналы қажеттіліктері ретінде анықтауға болады. Ал «мүдде» ұғымы одан ауқымды жағдайды қамтып, «қоғам, әлеуметтік топтар, индивидтер қалыптастырған саналы қажеттіліктер» [4] ретінде әрекет етеді. Сонымен қатар мүдде бұл қажеттіліктердің оны жүзеге асыруға қатынасы ретінде көрініс табады. Сондықтан ұлттық мүдде мемлекет қайраткерлерінің ел мүддесіне байланыстырылған қызметі болса, бұл мәселе көп ұлтты, этникалық бірыңғайлылығы жоқ мемлекеттерге қатысты болғандықтан, ұлттық мүдде дегенде «ұлттық-мемлекеттік мүдде» ретінде түсініледі.

Ғылыми әдебиеттерде «ұлттық-мемлекеттік мүдденің» дәстүрлі түсінігі үш негізгі элементтен тұрып, оған:


1. әскери қауіпсіздік;
2. экономикалық даму мен өркендеу;
3. мемлекеттік суверенитет кіреді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алғаннан кейінгі мерзімді ұлттық мүдделерді жүзеге асырудағы шаралар көптеген заңдарда қолданыста болғанына қарамастан, ұлттық мүдде анықтамасы тек Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңында көрсетілгені, осы мәселенің әлі де толық айқындалмағанын көрсетеді. Сонымен қатар елдің ұлттық мүдделері қоғамдық өмірдің көптеген салаларында әрекет етуі, оның әрбір саласы бойынша нақтылануы және ұлттық қауіпсіздік жүйесіндегі үйлесімділігін табуы тиіс деген ойдамыз. Ұлттық қауіпсіздіктің элементі ретіндегі ұлттық мақсаттар қоғам, мемлекет және жекелеген азаматтарының ұлттық мүдделерді жүзеге асыруындағы мақсаттары болып табылады. Ұлттық мақсаттар ұлттық қауіпсіздіктің ең үрдісті

элементі болып, басқа элементтерге қарағанда субъективті әсерге сезімталдығына байланысты болады.

Экономикалық тұрғыдан қарастырғанда экономикалық мүдделер ұлттық экономиканың тұрақтылығын, егемендігін және жоғары деңгейде дамуын бағыттайтын түсінік ретінде көрсетіліп, ұлттық экономиканың әлеуетін, бәсекелестігі мен қоғамның өскелең қажеттілігін қанағаттандыру негізінде әрекет етеді. Осы жерде ұлттық экономикалық мүдделерді қалыптастырудағы субъектілердің орнын айқындасақ, «ұлттық экономикалық мүдделердің сөзсіз субъектісі мемлекет, мемлекеттік институттар болып табылады. Рыноқтың басқа субъектілері жеке мүдделеріне бағытталған» [5] деп көрсетуге болады. Бұл жердегі мемлекеттің айрықша орны қоғам топтары мен мүшелерінің ұлттық мүдделерді айқындауда ешқандай қатысы жоқ дегенді білдірмейді. Қоғам мүшелерінің билікке әсер ету тетіктері, саяси партиялар мен экономикалық салалардағы түрлі бірлестіктер қоғам мұқтаждықтарын үкіметке жеткізуді қамтамасыз етіп, қоғамдағы жеке мүдделерге бағытталмаған мемлекеттің стратегиялы мақсаттарын жүзеге асырушы үкіметтік органдар болады.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ұлттық экономикалық мүдделердің қалыптасуы мен жүзеге асыруының механизмін 1 суреттен көруімізге болады. Суретте көрсетілгендей экономикалық мүдделерді қалыптастыру, оны жүзеге асыру мәселесі мемлекет құзырында болғандықтан, ұлттық экономикалық мүдделер басқа субъектілердің экономикалық мүдделеріне қайшы келуі мүмкін. М. Спановтың экономикалық мүдделерге берген анықтамасында «әлеуметтік – экономикалық даму және ұлттық экономиканың халықаралық экономикалық жүйеге қатысу ерекшеліктеріне байланысты мемлекет пен қоғамның объективті экономикалық қажеттіліктері» [6] деп көрсетілген.



Сурет 1. Ұлттық экономикалық мүдделердің қалыптастыру мен жүзеге асыру механизмі

Әрине, қазіргі заманда адам қажеттіліктері, әсіресе экономикалық игіліктерді пайдалану ауқымы кеңейді. Бірақ осы деңгейдегі мүдде ұғымы қоғам, мемлекет дамуын қамтамасыз ету мүмкіндігі шектеулі. Сондықтан экономикалық мүдделерді жүзеге асыру қоғам мен мемлекетке кез – келген салада көздеген мақсатқа саналы түрде қол жеткізуіне және мемлекет ретінде әрекет етуінде ұлттық шаруашылықтың ұдайы өндірісі үшін материалдық негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ұлттық экономикалық мүдделердің ішкі және сыртқы рыноктарда қорғалған жағдайы елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуінің алғы шарты ретінде көрсетуге болады. Өйткені экономикалық мүдде қоғам мен мемлекеттің қысқа мерзімдегі мақсаттарына ғана емес, ұлттық экономиканың стратегиялы дамуын қалыптастыруға әсер етеді.

Сондықтан ұлттық шаруашылықтың мемлекеттік ұйым ретінде белгілеген экономикалық мақсаттарды алға қоюға және оны жүзеге асыруға қабілетті болуы тиіс. Осы көзқарас тұрғысынан алғанда, ондай қабілеттілік белгілі бір бағыт – бағдар ретінде қарастырылады, яғни ол мемлекеттік экономикалық саясатқа «ұлттық экономикалық мүдде» сипатын береді. Осы жағдайда «ұлттық экономикалық мүдде» – қоғамның әлеуметтік тұрақтылығы мен әл-ауқат деңгейін қамтамасыз ету, ұлттық экономикалық ресурстардың көлемі мен сапасы, пайдалылығын ұлғайту, әлемдік экономикада мәртебелі орынға ие болу, ұлттық экономикалық қауіпсіздік қатерлеріне қарсы әрекет ету әлеуетін жоғарылату сияқты мемлекеттің мүддесі ретінде анықталады.

Ұлттық мүдделер мен ұлттық мақсаттарды жүзеге асыру барысында мемлекеттердің өз потенциалын ғана емес, басқа мемлекеттердің қуатын пайдалану мүмкіндігін ескеру қажет. Оның мысалы ретінде әлемдегі жүріп жатқан интеграциялық процестерді, оның ішінде ең көрнектісі Еуропалық Одақты, Қазақстанның Ресей және Беларусь мемлекеттерімен құрған кедендік одақты айтуға болады. Осы жағдайларда пайда болып жатқан немесе болжамды қатерлерді жоюға бағытталған мемлекеттің оларға қарсы кешенді шараларды қабылдау қажеттілігін көрсетеді. Мұндай шаралардың басты мақсаты сыртқы экономикалық қауіптерді болдырмау немесе оған қарсы әрекетте одақтас мемлекеттердің әлеуетін пайдалану болады.

Осының негізінде ұлттық мүдделерді жүзеге асыру концепциясы келесі объективті параметрлермен анықталады:

- мемлекеттің әлемдік аренадағы геосаяси жағдайы, оның одақтастарының немесе қауіп төндіретін қарсыластарының бар болуы;
- халықаралық экономикалық қатынастар жүйесіндегі мемлекеттің орны, сыртқы рыноктарға тәуелділігі, шикізат, энергия көздерінің бар болуы;
- халықаралық қатынастар жағдайы, онда бақталастық немесе ынтымақтастық, күш пен құқық арақатынасына байланысты.

Ұлттық мүдделерді жүзеге асырудағы мемлекеттің басты мақсаты қоғам мен мемлекет алдына қойылған стратегиялық мақсаттарды орындауы қажет. Халықаралық қатынастарда оны жүзеге асыру осы мемлекеттің мүмкіндіктерін, мақсатын, қуатының көрсеткіші болып табылады. Түрлі тарихи кезеңдерде ұлттық мүдде өзгеруде болып, осыған орай ұлттық мүдделер күрделі құрылымға ие болып, оны көптеген нышандары бойынша жіктеуге болады.

Ұлттық мүдделер өзінің мазмұны бойынша объективтілік пен субъективтіліктің бірлігі ретінде қарастырылып, қоғамдық өмірдің белгілі заңдылықтарына сай дамып отырады. Ұлттық мүдделердің субъективті сипаты көбінесе ұлттық мақсаттар ретінде көрініс табады.

Ұлттық мүдделерінің нақты құрылымын:

- 1) негізгі (өмірлік қажетті, тұрақты) және негізгі емес (екінші дәрежелі, уақытша) мүдделер;
- 2) объективті және субъективті мүдделер;
- 3) нақты және болжамды мүдделер;
- 4) үйлескен және өзара қайшылықты мүдделер;
- 5) өзара қиылысушы және қиылыспайтын мүдделер және т.б. ретінде көрсетуге болады.

Бірақ қазіргі күні бұл элементтер мен ұлттық мүдденің мазмұны бүгінгі күннің жағдайларына байланысты өзгеріске ұшырауда. Өндіргіш күштердің, жаппай коммуникация мен ақпараттың, ғылыми-техникалық прогрестің жана жетістіктері, қоғамдық өмірдің интерұлттандырылуы, ғаламдық мәселелердің пайда болуы, адамдардың демократияға ұмтылысының қарқынды дамуы халықаралық қатынастар қатысушыларының мүдделеріне әсер етіп, мақсаттарын қайта қарастыруға әкеледі.

Экономикалық жүйенің негізгі міндеті орнықты тепе-теңдік пен әртүрлі жүйенің тармақтарының үйлесімді дамуына жету үшін экономикадағы қорларды рационалды түрде бөлу болып табылады. Экономикалық қауіпсіздік мемлекет экономикасына төнетін экономикалық қауіп-қатерге тікелей байланысты болғандықтан, ол елдің экономикалық мақсаттарын орындалмау қауіпін тудырады. Ал бұл өз кезегінде ұлттық экономикадағы ұдайы өндіріс процессінің қалыпты дамуын бұзып, экономиканың өзекті буындарын басқару мүмкіндігінің жойылуына, технологиялық артта қалуға, қаржы-несие мен валюта жүйесінің тұрақсыздануына алып келуі мүмкін.

Осы зерттеуімізде экономикалық қауіпсіздік мәселелері жүйелік әдістеме тұрғысында қарастырылып, оның ішкі және сыртқы қатерлердің бетін қайтаруға қабілетті тұрақтылықты сақтауға, ұлттық экономиканың қорғалушылығына бағдарланған ортақ міндеттерімен және өзгеше функцияларының өзара байланысты жүйені білдіреді. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үрдісі ішкі және сыртқы қауіп немесе қатерлерден қорғалу механизмдерін қалыптастыруға негізделген. Құрылымдық байланыстар мен мобильді арналары тиімді әрі жақсы жолға қойылған жүйесі бар жерде ұлттық экономика ресурстық сыйымдылыққа иеленіп, кез – келген қатерге төтеп берерлік әлеуеті болады.

Бұл мәселеде қазақстандық А. Тазабековтың берген анықтамасы біздің ойымызша, мәселені толығырақ көрсетіп, «Экономикалық қауіпсіздік дегеніміз жеке тұлға, қоғам және мемлекет қажеттіліктерін өтей алатын қалыпты ұдайы өндіріс (өндіру – бөлу – айырбас – тұтыну) қамтамасыз ете алатын әлеуметтік-экономикалық үрдістердің жиынтығы және сыртқы рыноктарда бәсекелестікті қамтамасыз ететін, түрлі қауіптерден қорғалуына кепілдеме беретін ұлттық экономикалық жүйенің шекті жай-күйі» [7] деп анықтаған. Осы категория қазіргі таңда түрлі міндеттер мен мақсаттардың

басымдылығымен анықталады. Ол міндеттерді ғаламдану жағдайында елдің ішкі және сыртқы саясатты қолдану арқылы шешуді қажет етеді.

Мәселенің өзектілігі экономикалық даму, әсіресе ұлттық экономикалық мүдделерді жүзеге асыру басқа мемлекеттермен шиеленісті бәсеке негізінде жүзеге асып, Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде басқа елдердің, трансұлттық компаниялар мен банктер, халықаралық экономикалық ұйымдар тарапынан туындайтын арнайы саясаттарына және шараларына сезімталдығымен көрінеді. Сонымен қатар басқа мемлекеттерге ықпал етудің және оны тәуелділікке түсірудің экономикалық шараларынан басқа шетелдік кәсіпорындардың ықпалы, шетел мемлекеттердің өз мүдделерін Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік мәселелеріне қайшылықта жүзеге асыруы осы бағытта сәйкесінше қарсы шараларды қабылдау қажеттілігін тудырады.

2007 жылы бастау алған әлемдік қаржы дағдарысы мемлекеттердің өзара тәуелділігінің жоғары деңгейі анықтап, ел үкіметінің экономикалық саясатының толықтай тәуелсіз бола алмайтындығын көрсетті. Сонымен қатар әлем елдерінің дағдарыстан шығу барысында өз ұлттық мүдделеріне байланысты қабылдап отырған экономикалық шаралары басқа елдердің мүдделеріне қайшылықта болып, қазіргі кезде сыртқы экономикалық қатынастардағы «валюталар соғысын» тудырды. Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі үкімет тарапынан экономикалық, саяси, әлеуметтік және т.б. бағыттары арқылы жүзеге асыратындығына қарамастан, басқа елдермен бәсекелесті жағдайдағы ұлттық экономиканың дамуында елдің барлық бағыттағы және субъектілердің мүмкіндіктері мен әлеуетін барынша пайдалану қажеттілігін анықтады.

Экономикалық қауіпсіздікті анықтаудағы көп жақтылық мәселенің күрделілігін көрсетіп, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету концепциясында оған әсер ететін барлық факторларын есепке алып жүзеге асырылу қажеттігін көрсетеді. Американдық мамандардың пікірінше экономикалық қауіпсіздік ең кемінде екі шартқа сәйкес болып, оған:

- мемлекеттің экономикалық тәуелсіздігін сақтау және оның шаруашылығының дамуы бойынша шешімдерді өз мүдделеріне сәйкес қабылдау мүмкіндігі;
- халықтың әл-ауқат деңгейін сақтау және оны одан ары жоғарылату кіреді.

Бұл мәселеде экономикалық қауіпсіздік мәселесі мемлекеттің экономикалық тәуелсіздігі арқылы қарастырылып, мемлекеттің оны қамтамасыз ету бойынша шараларының басты мақсатын анықтайды. Осыған орай экономикалық қауіпсіздік жүйе ретінде қарастырылуы оның басты *элементтерін* көрсетуге мүмкіндік береді:

- 1) экономикалық қауіпсіздік жағдайы;
- 2) экономикалық қауіпсіздіктің сандық және сапалық параметрлер критерийлері;
- 3) экономикалық қауіпсіздіктің қауіптері және оның пайда болуын анықтайтын факторлар;
- 4) экономикалық қауіпсіздік қамтамасыз ету стратегиясы мен шаралар жүйесі.

Аталған элементтер мемлекеттің өз экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы әрекетінің жүйесін көрсетеді. Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттік органдарға ғана жүктелгенімен бұл бағыттағы іс – әрекет ұлттық экономикадағы субъектілердің әлеуетін оның ішінде олардың ресурстарын қолдануға бағытталады. Ұлттық экономиканың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің экономикалық ресурстарының негізгі төрт түрі қарастырылады:

1. *Қаржы – материалдық* (үкіметтің алтын – валюталық қорлары, негізгі және айналмалы қорлар, ұлттық байлықты анықтайтын басқадай ресурстар).
2. *Әлеуметтік ресурстар* (саяси режим түрі, қоғамның әлеуметтік құрылымы, қоғамдық қатынастардың жүзеге асырылуы механизмі және т.б.).
3. *Адам капиталы* (халықтың саны мен құрылымы, білімділігі мен әлеуметтік – кәсіби бағыттылығының потенциалы, дәрігерлік – демографиялық сипаттамасы және т.б.)
4. *Табиғи – климаттық және экологиялық ресурстар* (табиғи қазбалар қорлары, сапалы ауыз суымен қамтамасыз ету деңгейі, экологиялық дағдарыс аймақтарының бар болуы және т.б.).

Аталған ресурстардың саны мен сапасы мемлекеттің экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әлеуетін ғана емес, саналы түрде оларға әсер ету арқылы өзінің мақсаттарына қол жеткізу мүмкіндігін айқындайды. Олардың ішінде объективті негізде көбейтуге мүмкіндігі жоқ ресурстар аталғанына қарамастан, ұлттық экономиканы қажетті ресурстармен қамтамасыз етудің жолдарын жасақтау мүмкіндігін естен шығармау қажет. Оған мысал ретінде пайдалы қазбалар деңгейі бойынша шектелген Жапон мемлекетінің экономикалық дамуы немесе Қытайдың өз экономикалық қажеттілігін қамтамасыз ету бағытындағы шикізат көздеріне бақылау орнату стратегиясын айтуға

болады. Қазақстан Республикасы үшін мұндай мәселелер тұрмағанына қарамастан, өз табиғи байлығымызды бақылаудан шығарып алмау мәселесі өзекті болып отыр.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ұлттық экономикалық мүдделер түсінігі Қазақстан Республикасының «ҚР ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңының 4 бабында Қазақстан Республикасының «ұлттық экономикалық мүдделеріне – Қазақстанның бүкіл халқының игілігі үшін экономикалық даму» ретінде белгіленген. Ұлттық мүдделерді, оның ішінде экономикалық мүдделерді жүзеге асыруда мемлекет қолында бар экономикалық, саяси, идеологиялық, дипломатиялық, әскери, ақпараттық және т.б. құралдарын кеңінен пайдаланады.

Ұлттық экономикалық мүдделер объективті сипатта болғандықтан, ол:

- 1) Қазақстанның экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге;
- 2) Қазақстанның дүниежүзілік экономикалық жүйеден экономикалық тұйықталуына жол бермеуге;
- 3) ел экономикасының ресурстық-энергетикалық негізін сақтау мен нығайтуға;
- 4) Қазақстанның геосаяси төңірегінде туындайтын ықтимал теріс факторлардың әсеріне байланысты мемлекет экономикасының шетіндік дәрежесін барынша азайтуға;
- 5) отандық және халықаралық қаржы институттарымен өзара тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз етуге, отандық экономиканы қалпына келтіру мен дамытуға арналған ішкі, сыртқы несие ресурстары мен инвестициялық мүмкіндіктер бағытының басымдығына;
- 6) мемлекеттік бюджет тапшылығының мүмкін болатын шекті деңгейінен асып кетпеуге және оның кіріс бөлігін нығайтуға;
- 7) бюджет қаражаты мен мемлекеттік ресурстардың нысанасыз пайдаланылмауына жол бермеуге;
- 8) сыртқы қарыздың республикалық бюджет туралы заңда белгіленген мөлшерге қарағанда ұлғайып кетуіне жол бермеуге;
- 9) Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы қатерлі теңдессіздікке жол бермеуге;
- 10) бәсекені көтермелеу және монополизмді шектеу жағдайында ел экономикасында қазақстандық тауар өндірушілердің үлесін арттыруға;
- 11) экономикалық өсуді қамтамасыз етуге бағытталған шешімдерімен және іс – әрекеттерімен қамтамасыз етіледі [3].

Ұлттық мүдде мен ұлттық қауіпсіздік арасындағы байланыс, мемлекеттің экономикалық дамуындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесі ерекше орын алғанын қазіргі әлемдік қаржы дағдарысында көрініс тапты. Әлемдік қаржы жүйесінің кемшіліктері мен ғаламдану үрдісінің кері әсерлері барлық мемлекеттердің экономикалық жағдайларына кері әсерін тигізді. Қазақстан Республикасында оның әсерін ішкі субъектілері болып табылатын банк құрылымдары мен құрылыс саласындағы әрекетінің ұлттық экономикалық мүдделерге сай болмағаны және коммерциялық мүдделердің басымдылығы күшейтті. Осы жағдайлардағы мемлекет саясаты мен қабылдаған шараларын сараласақ, ұлттық экономиканың субъектілерін жеке мүдделерін ұлттық нышанға келтіру мәселесі өзектенгенін көреміз.

Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі еліміздің халықаралық аренада белсенді және мақсатты сыртқы экономикалық саясатымен тікелей байланысты. Халықаралық еңбек бөлінісінде алатын орны мен елдің экономикалық даму бағытын анықтайтын бұл саясат, қазіргі заманда әлемдік экономиканың объективті үрдісіне, экономикада сыртқы факторлар әсеріне сезімталдық тәуелдігінен шығады.

Осы жердегі сыртқы экономикалық іс-әрекетін реттеудің мақсаттарына:

- экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- сыртқы сауда арқылы ұлттық экономиканың дамуын ынталандыру;
- ұлттық өндірушілер тауарларына әлемдік рыноктарда қолдау көрсету;
- әлемдік экономикаға интеграциялануының тиімді жағдайларын қалыптастыру кіреді [8].

Сондықтан мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін жүйе ретінде қарастыруымызға байланысты осы жүйеге әсер етуші қауіптердің алдын – алу қажеттігі ұлттық экономикалық мүдделерді жүзеге асыруында көрініс табады деп ойлаймыз. Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени және т.б. бағыттарды қамтуы тиіс. Оның негізі «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді Стратегиясында көрсетілген бағыттарымен анықталады. Халықаралық еңбек бөлінісінде әлемдік экономиканың шикізат базасы ретінде қалып қалмау, ұлттық экономиканың бәсекелестік қабілетін жоғарылату мақсатында елімізде «Индустриалды – инновациялық дамуының 2003–2015 жылдарға арналған стратегиясы» қабылданған.

Стратегияның басты мақсаты ұлттық экономиканың құрылымын шикізаттық бағытталаудан экономикалық дамуды әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу мен ұзақ мерзімді жоспарда сервистік – технологиялық экономикаға көшу болып табылады. Сондықтан елдің индустриалды – инновациялық саясатының мақсаттарына қол жеткізу үкімет тарапынан еліміздің өмірлік маңызы бар және жаңадан құрылатын өндірістерді қорғау, экспортты ынталандыратын кешенді шаралар, ұлттық өндірушілер мүддесін ішкі және сыртқы рынокта жүзеге асыруға көмектесу сияқты мақсаттарды орындауы тиіс.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясында өндіруші және өңдеуші сектор арасындағы теңсіздікті қысқарту, отандық компаниялардың өңірлік және әлемдік рыноктарға шығуы, ел экономикалық жүйесінің әлемдік конъюнктураның өзгерістеріне тұрлаулылығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар белгіленген. Сонымен қатар елдің интеллектуалдық және ғылыми-технологиялық әлеуетін сақтау және дамыту жөніндегі кешенді де ұзақ мерзімді шаралар жүргізілетін болады [1]. Мемлекеттің өз ұлттық экономикалық мүдделерді кешенді жүзеге асыру негізінде экономикалық қауіпсіздіктің басты стратегиялық мақсаты – ұлттық экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету мүмкін болады.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шеңберіндегі мемлекеттік-ұлттық мүдделерді жүзеге асырудағы ішкі экономикалық процестегі экономикалық субъектілердің жеке мүдделерінің жалпы мүдделерге қайшы келмеуі мен оны жүзеге асыруда кедергі келтірмеу мәселелері көңіл аударып, мемлекеттің стратегиялық және қысқа мерзімді шараларының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету шараларын орындаудан көрінеді. Бұл жердегі мәселе мемлекеттің алдына қойған мемлекеттік – ұлттық мүдделерді жүзеге асырудың бірқатар концепцияларының жасақталғанына қарамастан, практикалық түрде орындалуында жүзеге аспай жатқанын атауымызға болады. Мысалы жоғарыда аталып кеткен Индустриалды – инновациялық бағдарламасында қойылған мақсаттарға осы уақытқа дейін қол жеткізілмеді. Оны орындау қазіргі кезде көп көңіл бөлініп отырған, Жеделдетілген индустриалды-инновациялық даму бағдарламасына жүктелген.

Мемлекеттің ұлттық мүдделер аясында жүргізіп отырған экономикалық саясатының нәтижелері стратегиялық экономикалық мүдделердің орындалуына бағытталады. Бірақ еліміздің ұлттық мүдделерін жүзеге асыру бәсекелесті жағдайда өтетіндігіне байланысты мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі толықтай қамтамасыз ету ішкі және сыртқы қатерлерден қорғалған негізде орындалуы қажет.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Елдің қауіпсіздігі бәрінен де маңызды // Егеменді Қазақстан. – 2006. – 3 наурыз.
2. Қошанов А. Тұрақты даму және экономикалық қауіпсіздік // Егеменді Қазақстан. – 2000. – 27 шілде.
3. Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздігі туралы» 1998 ж. 26 маусымдағы № 233-І Қазақстан Республикасының Заңы
4. *Общая теория национальной безопасности. Учебник / Под общ. ред. Прохожева А. А. – М.: Изд-во РАГС, 2002.*
5. Елемесов Р.Е. *Глобализация и национальные экономические интересы // Национальная экономика в векторе глобального развития: Материалы международной научно-практической конференции. Ч. 1. – Алматы: Қазақ университеті, 2005.*
6. Спанов М.У. *Экономическая безопасность Казахстана: теоретико-методологические основы и механизм реализации: Дис. д-ра экон. наук. – Алматы, 1999.*
7. Тазабеков А.И. *Оценка и обеспечение экономической безопасности регионов Казахстана: Дис. канд. экон. наук. – Караганда, 2001.*
8. Козырин А.Н. *Конкуренция на международных рынках и антидемпинговое регулирование. – М.: СПАРК, 1999. – 208 с.*

Резюме

В статье рассматривается место и роль национальных интересов в обеспечении экономической безопасности государства в условиях глобализации мировой экономики. Рассмотрена природа и классификация национальных интересов и их взаимосвязь с проблемами обеспечения экономической безопасности государства.

Summary

In the article the place and the role of national interests in the provision of the state economic security in conditions of the worded economy globalization are considered. The nature and classification of national interests and their connection with the state economic security problems are shown.